

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 қазандағы N 470г Қаулысы

2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
көрсетілген қаулыға 378-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында реттік нөмірі 7-жолдың 2-тармағы" мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"2. Халыққа қызмет көрсету орталығы үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді ә з і р л е у . " ;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Рұқсат беру құжаттарын есепке алу (лицензиялау) саласында Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің ақпараттық жүйесін құру:

- 1) ақпараттық жүйелерді құру;
- 2) техникалық жабдық сатып алу;
- 3) бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу."

"Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер" деген 7-тармақта:
Т і к е л е й н ә т и ж е д е :

үшінші абзац пен 6-тармақтың 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшалары мынадай р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

"Халыққа қызмет көрсету орталығы үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу.

Рұқсат беру құжаттарын есепке алу (лицензиялау) саласында Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің ақпараттық жүйесін құру:

- 1) ақпараттық жүйелерді құру;
- 2) техникалық жабдық сатып алу;
- 3) бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу."

С о ң ғ ы н ә т и ж е д е :

6-тармақ мынадай мазмұндағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) Халыққа қызмет көрсету орталығы үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді ә з і р л е у ;

6) "жалғыз терезе" қағидаты бойынша қызмет көрсететін мемлекеттік органдардың

халыққа қызмет көрсетуінің тиімділігін 80%-ға дейін арттыру.";

С а п а с ы н д а :

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. "Government to Consumer" қызметтерін көрсетудің кешенді, жүйесін құру. Азаматтарды "жалғыз терезе" қағидаты бойынша қызмет көрсететін мемлекеттік органдардың қызметтерімен 100 % қанағаттандыру".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК